

Зертханада диагностикалық аудиттің техникалық сипаттамасы

(Лот 3)

Зертханада диагностикалық аудит жүргізу:

- Зертхана қызметкерлерінің жеке істерінің, сынақ жабдықтарының, өлшеу құралдарының, нормативтік құжаттаманың және сынақ әдістемелерінің толықтығын тексеру.
- Аккредиттеу саласын және зертхана паспортын ресімдеу бойынша ұсынымдар беру.
- Зертхананың менеджмент жүйесінің қолданыстағы ішкі құжаттарын ГОСТ ISO/IEC 17025-2019 талаптарына сәйкестігі тұрғысынан талдау.
- Диагностикалық аудит жүргізу кезінде зертхана персоналын оңтайландыру, оның ішінде зертхана қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды ескере отырып, сондай-ақ жабдықтарды іріктеу бойынша ауызша тәртіпте ұсынымдар беру.

Әлеуетті жеткізушілер Университеттің сатып алуды ұйымдастыру бөлімшесіне қағаз жеткізгіште тиісті қызметтер мен жұмыстарды көрсету құқығы мен мүмкіндігін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті, соның ішінде (бірақ мұнымен шектелмей):

- сатып алынуы жоспарланған қызметтер мен жұмыстар түрі үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген куәліктердің/лицензиялардың және басқа да рұқсат беру құжаттарының нотариаттық тәртіппен куәландырылған немесе мөрмен бекітілген көшірмелері;
- әлеуетті жеткізушінің персоналының біліктілігін растайтын ресми құжаттардың нотариаттық тәртіппен куәландырылған немесе мөрмен бекітілген көшірмелері (тиісті немесе талап етілетін білімі туралы дипломдар, сертификаттар, оқу және біліктілікті арттырудан өткендігі туралы куәліктер, анықтамалар және т.б.);
- сатып алынатын қызметтер мен жұмыстарды көрсету бойынша әлеуетті жеткізушінің тәжірибесін растайтын құжаттардың көшірмелері (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің көшірмелері), әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы және мөрімен куәландырылған;
- әлеуетті жеткізушінің салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша мемлекеттік кірістер органдары алдында берешегінің жоқ екендігі туралы анықтаманың түпнұсқасы;
- әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы және мөрімен куәландырылған, әлеуетті жеткізушінің баланстық активтерін растайтын, конкурсқа қатысуға өтінім берілген күннен кешіктірілмеген күнімен даталанған құжаттар;
- әлеуетті жеткізушінің бірінші басшысының қолы және мөрімен куәландырылған, әлеуетті жеткізушінің тиісті материалдық-техникалық базасының (өндірістік үй-жайлар, цехтар, зертханалар, алаңдар, жабдықтар және т.б.) бар екенін растайтын құжаттардың көшірмелері.

Басқарма төрағасы – ректор

Рахметуллина С.Ж.

Басқарма мүшесі- ғылым және

Конурбаева Ж.Т.

инновация жөніндегі проректор

Бағдарлама жетекшісі

Кожаметов Е.А.

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Өскемен қаласына дейінгі DDP шарттары (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген.

Төлем шарттары: Жеткізгеннен кейін.

Жеткізу уақыты: Келісім-шартқа қол қойылған бастап 18.12.2026 жылға дейін.